

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне мүгедектерді әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2002 жылғы 21 наурыз N 308-II

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1. "Қазақстан Республикасында мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы" 1991 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1991 ж., N 26, 345-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 9-10, 158-құжат; N 15, 208-құжат; 1995 ж., N 20, 120-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 7, 79-құжат, N 12, 184-құжат; N 17-18, 219-құжат; 1998 ж., N 24, 432-құжат; 1999 ж., N 8, 247-құжат; 2001 ж., N 1, 4-құжат; N 13-14, 173-құжат):

1) 22-баптың төртінші бөлігінде "медициналық-әлеуметтік сараптама комиссияларының" деген сөздер "халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшелерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 29-баптың екінші бөлігінде "медициналық-әлеуметтік сараптаманың" деген сөздер "халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшесінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 46-бапта "медициналық-әлеуметтік сараптама (дәрігерлік-еңбек сараптама комиссиялары, мамандандырылған сараптама қызметтері, дәрігерлік-консультациялық комиссиялар)" деген сөздер "халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшесі, мамандандырылған сараптама қызметтері, дәрігерлік-консультациялық комиссиялары" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" 1993 жылғы 19 қаңтардағы Z939000_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 2, 28-құжат; 1995 ж., N 8, 56-құжат, N 22, 135-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 184-құжат; 2001 ж., N 8, 56-құжат; N 13-14, 173-құжат; N 17-18, 245-құжат; 2002 жылғы 8 ақпанда "Егемен Қазақстан" және 2002 жылғы 7 ақпанда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне Қарулы Күштерді реформалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2002 жылғы 29 қаңтардағы Z020287_ Қазақстан Республикасының Заңы):

28-баптың 5-тармағының бірінші бөлігінде "Дәрігерлік-еңбек сараптама комиссиялары" деген сөздер "Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық

атқарушы органның аумақтық бөлімшелері" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. "Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Z970094_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 8, 84-құжат; 1999 ж., N 13, 431-құжат; N 23, 921-құжат; 2001 ж., N 15-16, 228-құжат):

1) 118-баптың 1-тармағының 7) тармақшасында "Дәрігерлік-әлеуметтік сараптама комиссиясының (ДӘСК)" деген сөздер "халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшесінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 120-баптың 4) тармақшасында "Дәрігерлік-әлеуметтік сараптама комиссиясының қорытындысы бойынша (ДӘСК)" деген сөздер "халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшесінің қорытындысы бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын.

4. "Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" 1997 жылғы 19 мамырдағы Z970111_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 10, 109-құжат; 1998 ж., N 14, 201-құжат; N 24, 434-құжат; 1999 ж., N 8, 247-құжат, N 23, 927-құжат):

1) 39-баптың он бірінші абзацында "медициналық-әлеуметтік сараптама комиссияларымен," деген сөздер алып тасталсын;

2) 71-бапта:

1-тармақта "Медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясы (МӘСК)" деген сөздер "халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшелері" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта "Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік актілеріне сәйкес мемлекеттік үәкілетті орган белгілейді" деген сөздер "Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы орган азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы басшылықты жүзеге асыратын үәкілетті орталық атқарушы органмен келісе отырып белгілейді" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақта "Медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясының" деген сөздер "халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшесінің" деген сөздермен ауыстырылсын.

5. "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" 1997 жылғы 16 маусымдағы Z970126_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 11, 154-құжат; 1999 ж., N 8, 239-құжат; N 23, 925-құжат):

1) 9-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"9-бап. Мұгедектік топтары

Тіршілік ету әрекетінің шектелу, оның ішінде еңбекке қабілетін жоғалту дәрежесіне қарай мұгедектік үш топқа бөлінеді.

Мұгедектіктің себептерін, топтарын, еңбекке қабілетін жоғалту дәрежесін, сондай-ақ мұгедек болған уақытты халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшелері анықтайды.

Мұгедектікті куәландашу тәртібін, оның себептерін, топтарын және еңбекке қабілетін жоғалту дәрежесін анықтауды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы орган азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы басшылықты жүзеге асыратын үәкілдегі орталық атқарушы органмен келісе отырып белгілейді.";

2) 10-баптың 1 және 3-тармақтарында "МӘСК белгілеген", "МӘСК-ке",

"егер МӘСК" деген сөздер тиісінше "халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшесі белгілеген", "халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшесіне", "егер халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшесі" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 11-бапта:

1) тармақшада ", бала кезінен" және "оның ішінде" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) бала кезінен мұгедектер;";

4) 12-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"12-бап. Мұгедектігі бойынша жәрдемақының мөлшері

1. Осы Заңның 11-бабының 1), 1-1) және 3) тармақшаларында аталған мұгедектерге мұгедектігі бойынша айлық жәрдемақы:

I топтағы мұгедектерге - тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленетін 7 айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі - айлық есептік көрсеткіш);

II топтағы мұгедектерге - 4,5 айлық есептік көрсеткіш;

III топтағы мұгедектерге - 3 айлық есептік көрсеткіш;

16 жасқа дейінгі мұгедек балаларға - 4 айлық есептік көрсеткіш;

бала кезінен I топтағы мұгедектерге - 7 айлық есептік көрсеткіш;

бала кезінен II топтағы мұгедектерге - 5 айлық есептік көрсеткіш;

бала кезінен III топтағы мұгедектерге - 4 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тағайындалады.

2. Осы Заңның 11-бабының 2) және 5) тармақшаларында аталған

мүгедектерге мүгедектігі бойынша айлық жәрдемақы:

- I топтағы мүгедектерге - 9 айлық есептік көрсеткіш;
- II топтағы мүгедектерге - 6,5 айлық есептік көрсеткіш;
- III топтағы мүгедектерге - 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тағайындалады.

3. Осы Заңың 11-бабының 4) тармақшасында аталған мүгедектерге мүгедектігі бойынша айлық жәрдемақы:

- I топтағы мүгедектерге - 16 айлық есептік көрсеткіш;
- II топтағы мүгедектерге - 10,5 айлық есептік көрсеткіш;
- III топтағы мүгедектерге - 7 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тағайындалады.

4. Жұмыс істейтін жәрдемақы алушыларға мүгедектігі бойынша жәрдемақы толық мөлшерінде төленеді.

5. Егер Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан және жинақтаушы зейнетақы қорларынан берілетін жиынтық зейнетақы төлемдерінің мөлшері мүгедектердің тиісті санаттары үшін белгіленген мүгедектігі бойынша айлық жәрдемақы мөлшерінен кем болса, жәрдемақы төлеу зейнетақы төлемдеріне мүгедектердің сол санаты үшін белгіленген жәрдемақы мөлшеріне дейін жеткізілген тиісті қосымша төлемдер түрінде жүргізіледі.".

6. "Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы" 1999 жылғы 5 сәуірдегі Z990365_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 8, 238-құжат; N 23, 925-құжат; 2000 ж., N 23, 411-құжат; 2001 ж., N 2, 14-құжат):

6-баптың 4-тармағында:
бірінші бөлікте "медициналық-элеуметтік сараптама (бұдан әрі - МӘС)

мәселелері бойынша уәкілетті органға" деген сөздер "халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшесіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлікте "МӘС" деген сөз "халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшесі" деген сөздермен ауыстырылсын.

2-бап. Осы Заң 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:
Қасымбеков Б.А.
Багарова Ж.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК